

Тыңдалым

Ұлттық мұражай

1-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, берілген нұсқалардың ішінен дұрыс жауапты таңдаңыздар.

1. Анна қандай мұражайға барды?

- а) музыкалық
- в) ұлттық
- с) қалалық

2. Ол мұражайдан қандай әсер алды?

- а) онша емес
- в) ұнамсыз
- с) ерекше

3. Ұлттық мұражайдан не туралы білуге болады?

- а) кинолар, мультфильмдер, спектакльдер туралы
- в) тарих, мәдениет туралы, материалдық және рухани құндылықтар туралы
- с) ойындар, билер, әндер туралы

4. Анна үшін қандай экспонаттар таңсық болды?

- а) қару-жарақтар, киімдер
- в) киіз үй және оның ішкі жабдықтары
- с) суреттер мен мүсіндер

5. Анна киіз үйді...

- а) бұрын көрген
- в) бұрын көрмеген
- с) алғаш рет көріп тұр

6. Анна мұражайда киіз үй туралы нені көбірек білді?

- a) киіз үй туралы салт-дәстүрлерді
- в) адамдардың қалай отыратынын
- с) құрылысы, ішкі жабдықтары туралы

7. Киіз үй ... өмірге аса ыңғайлы.

- a) қазіргі
- в) көшпелі
- с) отырықшы

8. Аннаға ұлттық киімдер қандай болып көрінді?

- a) қарапайым
- в) салтанатты
- с) тар

9. Анна мұражайдағы зергерлік бұйымдарды қалай бағалады?

- a) мүлдем көрікті емес
- в) қарайтын түгі жоқ
- с) нағыз шеберліктің үлгісі

10. Анна ұлттық мұражай туралы ... лебіз білдірді?

- a) жылы
- в) суық
- с) өткір

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, берілген нұсқалардың ішінен дұрыс жауапты таңдаңыздар.

1. Әңгімедегі тірек сөздер қандай?

- a) Шөже торғай, балапан, дән, елгезек.
- в) Қарлығаш, балапан, жол қиыншылығы, жылы жақ.
- с) Шөже торғай, ерке, еңбексіз, аштан өлді
- d) қарлығаш, шөже торғай, ұя, аяз

2. Мәтінге сай емес сөйлемді табыңыз.

- a) Шөже торғай балапанын ерке тотай қылып өсіріпті.
- в) Қарлығаштың балапаны жол қиыншылығынан қорқып, жылы жаққа ұшып кетпейді.
- с) Шөже торғайдың балапаны бақта қалады.
- d) Қарлығаштың балапаны құрдасын іздей бастайды.

3. Шөже торғай балапаны өлімінің негізгі себебі не?

- a) Шөже торғай балапанын ерке тотай қылып өсіріпті.
- в) Шөже торғайдың балапаны жерден теріп жейтін дәнге сеніп, бақта қалады.
- с) Үскірік аяз соғып, балапанды бүрістіріп тастайды.
- d) Не азығы, не бас сұғар панасы жоқ болды.

4. Мәтін бойынша, еңбексіз ... жоқ.

- a) өмір
- в) күнің
- с) тіршілік
- d) болашақ

5. Қарлығаш балапанының мінездемесін көрсетіңіз.

- a) елгезек, тентек, ойыншыл
- в) еңбекқор, бауырмал, батыл

с) жалқау, елгезек, ештеңеге ебі жоқ

д) ерке тотай, еріншек, тоғышар

6. Мәтінде «ештеңе істетпей» деген мағынасы бар қандай тұрақты сөз тіркесі кездесті?

а) қой аузына шөп салмай

в) үріп аузына салғандай

с) қурай басын сындыртпай

д) жанын қоярға жер таппай

7. Мәтіннің мазмұнына сай мақалды көрсетіңіз?

а) Ерінген екі істейді.

в) Ерте тұрған өкінбес.

с) Еңбексіз өмір жоқ,

Ауырсыз жеңіл жоқ.

д) Керек тастың ауырлығы жоқ.

8-10) Көп нүктенің орнын толтырыңыз.

Егер ... , ... , ... , шөже торғай
балапаны өлмес еді.